

Издаётся с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:
В НОМЕРЕ:

Тәкен Әлімқұлов «Қараой» шығармасы
Ұлттық рухты ұлықтаған шара: Павлодарда «Ұлы даланың
үні домбыра» жыр жинағының тұсаукесері өтті
Домбыра – халық даналығы
Күй күдіретін сезінген Нұрғиса
Абай – қазақ руханиятының шамшырағы
Параспорттың даму деңгейіне арналған жиын
Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами
Тифлопедагог кеңесі – Советы тифлопедагога

4(120)

2025



Ұлттық рухты ұлықтаған шара:
Павлодарда «Ұлы даланың үні домбыра»
жыр жинағының тұсаукесері өтті

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ИЮЛЬ

6 июля – День столицы Казахстана – Астаны (1998)

6 июля – Национальный день домбры, первое воскресенье июля.

АВГУСТ

10 августа – 180 лет со дня рождения казахского поэта, философа, композитора, просветителя, мыслителя, общественного деятеля, основоположника казахской письменной литературы Абая (Ибрагим) Кунанбаева (1845-1904)

10 августа – День Абая

12 августа – Международный день молодёжи

12 августа – 100 лет Союзу писателей Казахстана

15 августа – 95 лет со дня рождения композитора, народного артиста Республики Казахстан Шамши Калдаякова (1930-1992)

17 августа – День спорта в Казахстане, третье воскресенье августа

25 августа – 100 лет со дня рождения казахского писателя Калмукана Исабаева (1925-2015)

29 августа – 35 лет со дня закрытия Семипалатинского ядерного полигона (открыт в 1949 г., закрыт в 1990 г.)

30 августа – День Конституции Республики Казахстан (1995).

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

Тәкен Әлімқұлов «Қараой»

Мақамбеттің ойына ен далаға ел қондырмақ болған астамшыл да іңкәр кездері оралды. Алты малта ас болып, еңку-еңку жер шалған күндер мен түндер көз алдына елестеді. Қырдан ойға ойысқан, ойдан қырға өрлеген сол сарбаздары «Мақау-ау, қайда жүрсің?» дегендей болды. Мақамбет кенет: «Мен мұндамын!» деді. Тұла бойы шымырлап, көзі тұманданды. Енді бастаушыдай

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

емес, барлаушыдай атой сала бастады. Астындағы бәйге күрең шырқ айналып, алдыңғы екі аяғымен аспанға шапшыды. Сол сол-ақ екен, Исатай шейіт болатын қырғын соғыс көз алдында тұра қалды. Зеңбіректі, мылтықты қалың жаумен аянбай атысқан, шабысқан теңсіз қолдың жойқын ерлігі еске түсті. Белесі береген, сайы ұры Бозадырда шашырай қашып, бүйірден дүрліге қайта тиіскен сары садақты сарбаздары, қара мылтықты мергендері, қылышты қылилары, сойылды сотқарлары бірде аяныш, бірде сүйініш тудырып, Мақамбеттің қанын қыздырды. Мақамбет ауру баладай елермелей бастады. Бәйге Ақтабаны оққа ұшқандағы дулығалы Исатайдың мылтығының аузы үңірейген аттылы жауларға беріспей, жаяу найзаласқан көзсіз ерлігі елес берді. Қақпанға түскен көкжалдай көзіне қан толған Исатай сол күйінде көрініс берді. Мақамбеттің көлденең тартқан атынан бас тартып, жау ішінде жорта жаяу қалып тұр. Үзеңгі жолдас ақынын табалап: «Сенің қайратың тіліңде. Менсіз сайра, менсіз зарла!» деп тұр. «Мен екі өле алман!» деп қасқайып тұр.

Елестің осы арасына келгенде, Мақамбеттің құлағына оқыс дауыс шалынды.

– Байғұс-ау, атой салып, саған не көрінді? – дейді Әуес.

Мақамбет ұшықталған баладай сауыға бастады.

Қараойдың қойнауында атой салғанда, артынан келері қатыны ғана екенін енді білгендей.

– Үйге қайт, – деді Әуес.

– Ат таңасырғым кеп тұр, – дейді Мақамбет. Әуес тағы шошиды.

– Шаңқай түсте ат таңасыра ма екен.

Мақамбет бүркіттей түйіліп, аспанға қарайды. Кіреуке бұлт қоюлана түскен. Бағанағы алтын жамбы жездей ғана жылтырайды.

Қараойды айнала қоңыр көлеңке қонып, тұнжыраған мұңды әдіптеп тұр.

Ауру ақын сауықты. Денесінің қызуы тарқап, көзінің домбығы басылайын деді.

Мақамбет қыраңға өрлеген екі түйені ылдилатты. Үй маның-

маңындағы ботаға көз тастады. Өз үйіне жақындағанда, атын тұсап, отқа қойды. Қара мауыт, ақ селеуді шала бастаған жалғыз жылқыға:

«Жануарым, ішіңе шыр байлай бер. Ертеңнің қалай болары мәлімсіз!» – деді.

Үйіне келгесін екі құс жастықты шынтақтап қисайды. Дағдыдан тыс ерте тұрған ол көзінің шырымын алмақ еді. Бірақ мызғи алмады. Ақырында, екі жамбасына кезек аунап, түндегідей дөңбекшуді шығарды.

Дөңбекшіген ақынның көңіліне тыңнан мұңды өлең оралып, тұла бойы қорғасындай балқып бара жатты. Тал түсте тұтылған күндей қаралы, қараңғыда аққан жұлдыздай азалы, көкейден кетпес бейнелер елестеп, екпінді ұйқасымын таба бастады. Енді біршама уақыт өткенде:

– Көке, қыраттан бес-алты кісі құлады, – деді баласы.

– Қарулы кісілер ме?

– Қарусыз.

– Е, онда, Ықыластар шығар. Дегенмен, атты жылдам әкеле ғой.

– Нұрсұлтан жүгіре жөнелді.

Мақамбет қанжарын байлап, тысқа шықты. Боз шекпенін желегей жамылған. Денесінде болмашы діріл барын байқады.

Аты түскір недәуір ұзап кеткен екен. Екі өкпесін қолына ала жүгірген Нұрсұлтан екі мәрте тыныс алғанда, әкесінің жаны ашып тұрды.

Нұрсұлтан жеткенде, қыраңнан құлағандар да жақындаған. Біреуі қол бұлғап шақырды. Шамалы уақыттан кейін бәрі шұрқырасып та қалды. Жұмбақ жолаушылар аттарын шідерлеп отқа қоя бергенде, «Е, тәйірі, бауырларым екен ғой!» – деді Мақамбет.

Сол сол-ақ екен, өзінен өзі ұялыс тауып, жерге кіріп кете жаздады. «Е, бүйтіп көрген күннің енесін ұрайын!» – деді.

Екі ортада шыбын өлер демекші, Мақамбет әйеліне сұстана қарап:

– Немене, бала құшақтап, қалшия қалғаның. Көрпе төсе! –

деді.

Әуес сыртқа шыққанда:

– Бесінде моладан қайтқан сүйекшідей мимырт жүрістерін ұнатпай тұрмын, – деді баласын қайта құшақтап.

Мақамбетті қайтадан ашу-ыза баурады. Басына қаны теуіп, құлағы шулап кетті. Ащы ызыңдар сапырылысып: «Келе жатқандар – досың; жоқ, досың емес – жауың!» десті.

– Дос болса, құба-құп. Жау болса, саған серт! – деп қара қанжарын жамбасқа қысып қойды.

Ықыластар екен. Жамырай сәлемдесті. Ықыластың өзі Әуестің құшағындағы баласын иіскеді. «Шіркін, бауырлық-ай!» – деді Мақамбет.

Қонақтар үйге кіргенде, Әуес құшағынан босаған баласына ұрсып жатты.

– Үй айналма. Жаман болады.

Бұл ырымнан Мақамбет қайта күдіктенді. «Ықылас ит бүгін неғып бауырмал бола қалды?» – деді.

Алғашқы «амандық-есендіктен» кейін қонақтар жартымды сөз таппай, тымсырайысып қалды. «Ертіп келуші не айтасың?» дегендей, Мақамбет Ықыластың бетіне қарады.

Ықыластың шегір көзі – тұман. Баяғыда біреудің қатыны толғақтан өлерде осы шегір көз шошытып, іш тастатқан деседі. Мақамбет тұманды көздің түбіне жете алмады.

Төрге отырған Жаңаберген болса, о бастан байсалды. Ішіне кіріп-шығу оңай емес. О баста көтеріліске араласып, кейін айламен аман қалған бидің бірі. Мақамбет оның күйші інісі Төлепбергенмен көп тұздас-дәмдес болса, бұның өзімен ертеден-ақ алыстан сыйласқан. Боздақтың екі баласын екі айрық көріп, шен қуушысынан өнер қуушысын жақын тартқан. Оның неғып келмегені күдік туғызып отыр.

(Жалғасы келесі нөмірде).

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Ұлттық рухты ұлықтаған шара: Павлодарда «Ұлы даланың үні домбыра» жыр жинағының тұсаукесері өтті

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

2025 жылғы 4 шілде күні Павлодар облыстық арнайы кітапхана төрінде «Домбыра қолымда, шабытым шарқ ұрса» атты республикалық әдеби-музыкалық кешінде «Ұлы даланың үні – домбыра» атты жыр жинағының тұсаукесері өтті. «Ұлы даланың үні – домбыра» атты жыр жинағы – сайын даланың сан ғасырлық сырын, халқының мұңын да, қуанышын да жүрек тереңінен өткізіп, сөз құдіретімен өрнектеген зағип ақындарының шығармашылық туындыларынан құралған рухани қазына.

Жинаққа он екі өлең енгізілді: Ж. Алдамбергенов «Домбыра», Б. Аққузинова «Домбырам», В. Косович «Голос домбры» (Павлодар обл.), М. Глущенко «Поющая домбра», М. Иминова «Домбра» (Алматы қ.), Г. Демеуова «Күй», Г. Демеуова «Домбырам» (Талдықорған қ.), Б. Сидәғалиева «Күй құдіреті» (Атырау қ.), А. Жанасилов «Домбыра», А. Мұқанбетқазиев «Домбырамен сырласу» (Ақтөбе обл.), О. Рахимов «Домбыра», К. Кравченко «Домбра моя – любовь моя!» (Көкшетау қ.). «Ұлы даланың үні домбыра» атты жыр жинағы жайпақ басылымда, аудио нұсқада және Брайль қарпінде жарыққа шығып сонымен қатар, QR-код арқылы барша оқырман назарына ұсынылды. Жыр жинақтағы өлеңдерді оқыған арнайы кітапхана басшысының орынбасары А. Кожаханова мен Т. Смирнова, компьютерде терген К. Бердигалым, брайль қарпінде басып шығарған М. Ахметжанова. Бұл жинақ қазақ поэзиясының заманауи келбетін танытатын, ел руханиятына сүбелі үлес қосатын әдеби еңбек және жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсер ететін тағылымды еңбек болары сөзсіз!

Мәдениет пен өнерге зор үлес қосқан бұл шара қазақ халқының ұлы аспабы домбыраның рухани мәнін кеңінен насихаттап, жастарды ұлттық өнерге баулу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға ZOOM байланысы арқылы Қазақстанның әр түрлі өңірлерінен арнайы кітапхана әріптестері қатысып, Павлодар облыстық арнайы кітапхана оқырмандары: Ж. Алдамбергенов, Б. Даутбаев, Т. Сыздыкова, № 24 мектептің жас домбырашыларынан құралған «Әсем қоңыр» ансамблі жетекшісі Б. Сатиев, Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

кітапхана оқырманы А. Жанасилов, Ақтау қ. арнайы кітапханасының оқырманы Б. Ибраев, Талдықорған қ. арнайы кітапханасының оқырманы Н. Арғын, Көкшетау қ. арнайы кітапхана оқырманы К. Кравченко сынды өнерпаз оқырмандарымыз дәстүрлі домбырамен күй шертіп, ән шырқады.

Мұндай іс-шаралар – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір, жас ұрпаққа рухани бағдар беретін қазақтың қасиетті домбырасы әлі талай жүректі тербеп, ел болмысын бейнелей беретіні анық.

Кештің соңында жинақты жарыққа шығаруға атсалысқан барша қаламгерлерге арнайы кітапхана басшысы Ж. Кенжебекованың атынан Алғыс хаттарын табыстады.

Осы жинақтағы әрбір өлең – бір-бір тұнған әлем. Сол әлемге бірге сапар шегіп, Ұлы даланың үнін жүрекпен тыңдауға шақырамыз!

Домбыраның үні өшпесін, қазақтың рухы биік болсын!

Домбыра күні құтты болсын!

Айнагүл Кожahanова,
Павлодар облыстық арнайы кітапхана
басшысының орынбасары

Домбыра – халық даналығы

2018 жылдан бастап шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып аталып келеді. Домбыра бейнесі қазақ поэзиясында ежелгі жыр-дастандардан бүгінгі жас толқынға дейін жырланып келе жатқан мәңгілік тақырып. Қасиетті қара домбыра көнеден қалған асыл мұрамыз, көзіміздің қарашығы әрі ұлттық кодымыздың айнымас бөлігі. Домбыра – жай аспап емес, бабалар аманаты, қасиетті аспап. Домбыраны ұлықтау ұлт болмысындағы ізгілік атаулыны ұлықтау деп білемін, сондықтан бұл мереке арқылы біздің ұтатынымыз көп болмақ. Әрине, қазіргі жоғарғы технологияның, интернеттің заманында балалар мен жастардың домбыраға деген қызығушылығы біздің бала кезімізден гөрі бәсеңдегендей көрінеді. Бір жақсысы, бұл олқы-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

лықты түзеуге, жас ұрпақты ұлттық өнерге баулуға ұмтылатын ата-аналар көп, музыка мектептеріне, домбыра үйірмелеріне баратын балалардың саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны қуантады. ТҮРКСОЙ Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы осы жылды Нұрғиса Тілендиевті еске алу жылы деп жариялады. Кітапханамызда композитор, дирижер, домбырашы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі, КСРО халық әртісі, «Халық қаһарманы» Нұрғиса Тілендиевтың 100 жылдығына орай «Күй – Құдірет, Күй – Кие» атты мультимедиалық дәстүр кеші өтті. Қазақ музыкасының жарық жұлдызы, әйгілі сазгер, дәулескер күйші Нұрғиса Тілендиев жөнінде айтылар жылы сөз, сағынышқа толы сырлар қашанда таусылмақ емес. Оқырмандар өнер иесінің туындыларын тыңдап, өмірбаянымен, шығармашылығымен танысты және Нұрғиса Атабайұлы жайлы арнайы дайындалған бейнебаян көрсетілді. Айтулы іс-шараға ҚР Мәдениет саласының үздігі, күйші-композитор Күшікбаев Дүйсебай Шаштайұлы мен композитор, республикалық композиторлар байқауларының лауреаты, II дүркін Гран-При иегері, дәулескер домбырашы, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, «Мәдениет қайраткері», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат Үсенов қонаққа келді. Күйшінің өмірін баяндай отырып жүргізілген кешті қонақтар, кітапхана оқырмандары, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері өте жылы қабылдады. Кешке арнайы шақырылған қонақтар Нұрғиса Тілендиев туралы терең тоқталып, естеліктер айтты.

Қазіргі таңда өнер жолында жүрмегенмен, домбыра сатып алып, төріне іліп қоятын жандар көп. Әрине, бұл халқымыздың домбыраны қатты қастерлейтінін көрсетеді. Қазақ халқы көңілдегі қымбатын ғана төрге шығарған ғой. Ұлттық домбыра күнінің белгіленуі де халқымыздың домбыраға деген құрметінің бір көрінісі. Аманатқа қиянат жасалмай, мәдени мұрамыз ұрпақтан-ұрпаққа қалыбын бұзбай жетсе екен деп тілеймін.

**Назым Момбекова,
өнер және спорт әдебиеттері
бөлімінің қызметкері**

Күй күдіретін сезінген Нұрғиса

«Музыка – адамзаттың әмбебап тілі ғой. Ол біздің жан-дүниемізді байытып, әсіресе, ұлттық сана-салтымызға баулитын сиқырлы күш. Мен Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын тыңдаған сайын осындай ойға қалам».

Дінмұхамед Қонаев

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев қазақтың музыка мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өмірінің өтпелі кезеңдерінде уақыттың идеологиялық өктемдігіне, мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәңір дарытқан төлтума қалпынан ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қалған. Өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыт тұғыры етіп отырды. Атабайұлының тұлғалық даму жолында кездескен ұстазы Ахмет Қуанұлы Жұбановтың еңбегі зор еді. Шәкіртін жетелей жүріп, шығармашылық шыңына жетуде ақыл-кеңесін аямады. Дәулескер домбырашы, қазақ саз өнерінің сайып қыраны көзі тірі болғанда ғасыр жасын жасар еді.

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында «Сөз сыры» жобасы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлының туғанына 100 жыл толуына орай «Күй күдіретін сезінген Нұрғиса» танымдық әуенді сағаты өтті. Әуенді кеш барысында композитордың өмірінен, шығармашылығынан бейнебаян көрсетілді. Нұрғиса Атабайұлының өмір жолы, өскен ортасы, ата-анасы, майданға аттануы, сарбаздық жолы, шығармашылығы туралы толық ақпарат берілді. Әдебиет әлеміндегі ақындармен байланысы сөз болды. «Қазақ сазының сайып қыраны» тақырыбында деректі фильм көрсетілді. Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің оқытушысы Айнұр Ерболатқызының жетекшілігімен өнерлі студенттерден құралған «Тұран» ансамблі «Жекпе-жек», «Аңсау», «Әлқисса», «Ер Тұран» күйлерін тарту етті. «Тұран» ансамблі мен Алтын-

бекұлы Санжар «Келеді құстар қайтып» әнін шырқады. Сонымен қатар, «Қуә бол», «Саржайлау», «Қайран менің жүрегім» әндерін шырқады. Тілеміс Мадияр «Алтынай», «Ана туралы жыр», «Әке» әндерін арнап, оқырмандардың жүрегіне ән арқылы жол салды. Нұрғиса Тілендиев өзінің барша қабілет дарынын халқының рухын асқақтатуға арнады. Бұл жолда ол халқымен етене тіл табысып, халқының сырласы да, мұңдасы да бола алды. Оның музыкасы баланың да, дананың да жүрегіне жол тауып, дүйім жұрттың рухани жан серігіне айналды. Ол атақ-даңқ іздеген жоқ, атақ-даңқ оны өзі іздеп тапты. Тілендиевтің төл туындылары елдің жадында мәңгі сақталып, шығармалары халықпен бірге болашаққа жол тартып барады.

Құндыз Нұрланқызы Қонысбай,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін
азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкері

Абай – қазақ руханиятының шамшырағы

Қазақтың бас ақыны, аудармашы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жыл мерейтойына орай кітапханамызда түрлі іс-шаралар атап өтілді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлы ойшылды жан-жақты ұлықтауға үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысының бастамасымен ресми түрде 10 тамыз – Абай күні болып бекітілді. Осы тұста онкүндік мерекелік шаралар аясында Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының ұйымдастыруымен «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты тақырыпта әдеби-сазды кеш өткізілді.

Әдеби кештің мақсаты – Абай мұрасын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлы тұлғаның өнегелі өмірі мен терең ойлы шығармашылығымен таныстыру.

Кеш барысында қатысушылар, оқырмандар, кітапхана қызметкерлері Абайдың өлеңдерін, қара сөздерінен үзінділерді мәнерлеп оқып, жүректерге ой салды. Кешіміздің басты қонағы қазақтың есті әндерін дәріптеуші, орындаушы Дархан

Зейнекеш, баяншы Тұрар Бүркішов ақынның «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап», «Өз мінімді қолға алдым» өлеңдерін қазақтың қос ішекті қара домбырасымен күмбірлете орындап, кештің шымылдырығын ашты. Ақынның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» сынды әндерін ҚР Ұлттық ұланының № 6655 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар жөніндегі бөлімше бастығының мемлекеттік тілді енгізу жөніндегі аға көмекшісі Бақтыгерей Құралбек Амандықұлының жетекшілігімен жас сарбаздардың орындауында көрерменнің зор ықыласына бөленді. Кеш соңында белсенді қатысушылар Алғыс хаттармен марапатталып, кітапхана ұжымы Абайдың даналық мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізу жолында мұндай игі шаралар жалғасын табатынын жеткізді.

Сондай кең көлемдегі шаралардың бірі **«Абай күні»** атты әдеби фестиваль қала орталығындағы Абай ескерткішінің жанында 10 тамыз күні кең көлемде өткізілді. Шара гүл шоқтарын қою рәсімімен басталып, әдеби фестиваль төрт тақырыптық алаң бойынша ұйымдастырылды. Атап айтсақ, **«Балалық пен білім жолы»** алғашқы алаңда Абайдың балалық шағы, білімге деген құштарлығы мен өскен ортасы интерактивті форматта ұсынылды, көрерменге «Абай – дана, Абай – дара қазақта» көрмесі ұсынылып, Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. **«Даналық пен даралық»** деп аталатын негізгі сахналық алаңда театрландырылған қойылымдар, дәстүрлі күй өнерінің өкілдері ұлттық музыка арқылы ақын мұрасын терең түсіндірді, **«Кемел ойдың кемеңгері»** алаңында ашық микрофон ұйымдастырылып, үш тілде квест және викторина ойындары өтті. **«Ұлт болмысы»** атты алаңда ұлттық ойындар ойнатылып, рухани құндылықтар дәріптелді.

Алаңға келушілер Абайдың рухани әлеміне еніп, оның шығармаларымен тереңірек танысты. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері оқылып, Абай дәуірінің мәдениеті мен дүниетанымынан сыр шертілді. Әр алаңда ұлттық нақыштағы киіз үй үлгісіндегі этно-кеңістік құрылып, қазақы тұрмыстық бұйымдармен безендірілді. Фестивальге қатысушылар бір-біріне

Абай шығармалары мен қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларын естелік ретінде сыйға берді. Фестивальге арнаулы кітапхана оқырмандары белсенділік танытып, Абай шығармаларын кеңінен насихаттады. Тұрақты оқырмандарымыз Жанасилов Әлібек, Үмбетияров Кенжебай, Төлтаев Дидар, Тулегенов Мақсат ақынның қара сөздерін жатқа айтып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров мырза ақын өлеңін мәнерлеп оқыған оқырманымыз Төлтаев Дидарға кітап сыйға тартты. Ауылымыздың көркін «Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің әжелер тобы әрлендіре түсті. Ақ кимешек киіп, ұлттық нақыштағы киімдерімен көз тартқан аналар Абай атамyzдың әндерін нақышына келтіре орындап, өлеңдерін жатқа айтып, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қолөнер дәстүрімен таныстырды. Соның ішінде ұршық иіру, жүн түту, саба пісу, құрақ құрау, тары түю сынды тұрмыстық өнер түрлерін шеберлікпен көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді. Бұл шара – ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерді, тұрмыстық қолөнерді жаңғыртып, өскелең ұрпаққа таныстыруға бағытталды. Ұлттық қолөнер – тек сән емес, салт пен сана. Мұндай өнерді меңгерген жас ұрпақ қазақтың төл мәдениетін бойына сіңіріп өсетіні хақ!

Ұлы ойшылдың өміршең өлеңдері мен қастерлі қара сөздері әлі талай ұрпаққа рухани азық болары анық. Ұлы Абайдың аманатына адал болайық!

Әлия Ұзақбайқызы,

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының негізгі қорлар бөлімінің кітапханашысы

Параспорттың даму деңгейіне арналған жиын

Жуырда Қазақстандағы Спорт күніне орай Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада Алматы қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың қатысуымен спорт ойындарына арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Спорт – салауаттылық кепілі, денсаулық тірегі. Әдетте кез

келген адам спортпен шұғылдана білуі мүмкін, бірақ шын спортшы болуы екіталай. Спорт өнерінде қайтпас қайсар мінез бен күш-жігерді үйлестіре білген жөн. Осындай қарапайым спорт түрі емес, соңғы жылдары елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт ойындары кең қанат жая бастады. Көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында да мүгедектер спортының халықаралық талаптарға сәйкес нормалары мен ережелері бекітілген. Қазақстандық Дене мүмкіндіктері шектеулі спортшылар Азия пара ойындарына, Азия паралимпиада комитеті ұйымдастыратын және әрбір төрт жылда бір рет өткізілетін Азия жасөспірімдер пара ойындарына белсенді қатысады.

Шараның мақсаты: Спортшылар мен оқырмандар арасында тәжірибе алмасу, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірі мен спорттағы жетістіктерін насихаттау, жастардың спортқа деген құлшынысын ояту.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылым депутаты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілі, «Қазақстан Халық партиясы» фракциясының мүшесі, қазақстандық қоғам қайраткері, паралимпиадалық спортшы Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы, «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны басшысы Сағымбаев Найзабек Бекетович, аталған мекеме басшысының орынбасары, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Полухин Александр Викторович, аға жаттықтырушы – оқытушы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Шпехт Андрей Валерьевич, Алматы қаласы мәслихатының Respublica партиясы атынан VIII шақырылым депутаты, «Республикалық тоғызқұмалақ федерациясы» қауымдастығының президенті Турсунов Аким Хазреталиевич, «Шоудаун федерациясы» республикалық мүгедектер қоғамдық бірлестігі басшысы Кожаметов Марат Саулекалиевич, «Мейірімді ел» мүгедектерінің қоғамы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры, спортқа жанашыр жан Курмашева Назира Оналбековна, «Қазақ

соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалы төрағасының мәдениет және спорт бойынша орынбасары Жанысбаев Мадьяр Ермуханбетович, көру қабілеті нашар адамдар арасындағы 5х5 футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері, Қазақстан зағиптар футбол федерациясының бас хатшысы Антипин Анатолий Анатольевич, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Николай Жоров, «Қазақстан Халық партиясы» фракциясынан бұқаралық ақпарат өкілдері, пара пауэрлифтинг спортшылары, Қазақстанның зағип спортшылар одағы, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақпен кәсіби айналысатын зағип спортшылар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасында Отандық велоспортты қалыптастырып жүрген жандар, пара садақ ату спортының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелде келесі негізгі тақырыптар талқыланды:

1. Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттың қазіргі таңдағы деңгейі, даму жолдары, кемшіліктері;
2. Спортшы өміріндегі кітапхананың атқаратын рөлі;
3. Мүгедектігі бар адамдар үшін спорт объектілерінің қолжетімділігі;
4. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған Паралимпиада кешенін салу, қаржыландыру және осы кешенді іске асыру мерзімдері;
5. Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды марапаттау және ынталандыру үшін қаражат бөлу.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылым депутаты Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы шара аясында Парламентте параспортшыларды қолдауға байланысты қабылданған заңдарға тоқталып, мүмкіндігі шектеулі жандар шұғылданатын спорт ойындарына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін атап өтті. «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» МКҚК басшысы Сағымбаев Найзабек Бекетович Алматы қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған Паралимпиада кешенінің құрылысы 2026 жылдың қараша айында қолданысқа берілетіні жөнінде ақпаратпен бөлісті.

Жиын қатысушылары өзекті мәселелерді шешуге тиісінше назар аударылып, мейірімділік пен қамқорлық сезімін көрсету игі дәстүрге айналады деген сеніммен тарқасты.

Гүлназ Даржанова,
өнер және спорт әдебиеттері
бөлімінің басшысы

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендірудегі тифлопедагогтың рөлі

*Кикбанова А.М. – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай
атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Андатпа

Бұл мақалада көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендіру процесіндегі тифлопедагогтың маңызды рөлі қарастырылады. Әлеуметтік интеграцияға бағытталған жұмыстар мен балаларды қоғаммен байланыс орнатуға үйрету тифлопедагогтың кәсіби қызметінің басты бағыты болып табылады. Тифлопедагогтар ерекше қажеттіліктері бар балаларға әлеуметтік дағдыларды үйрету арқылы олардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мақалада тифлопедагогиканың әдістемелері, бұл балаларға арналған арнайы білім беру шарттары және әлеуметтендірудің маңыздылығы талқыланады.

Кілт сөздер: көру қабілеті зақымдалған балалар, тифлопедагог, әлеуметтендіру, арнайы білім беру, тифлопедагогика, когнитивтік даму, әлеуметтік бейімделу.

Кіріспе

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендіру — бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік ортаға бейімделіп, қоғамда тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету үдерісі. Әлеуметтендіру процесі тек білім беру ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның толыққанды дамуын қамтамасыз ету, олардың өз құқығын сезінуі, сонымен қатар қоғамның түрлі салаларында өз орнын табуы үшін маңызды. Бұл процесс, әсіресе, көру қабілеті зақымдалған балалар үшін өзекті, себебі олардың физикалық және психологиялық ерекшеліктері, қарым-қатынас

жасау қиындықтары мен қоғамға бейімделу мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

Тифлопедагог — көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратын маман. Оның қызметі тек білім беру саласында ғана шектелмейді, сонымен қатар балаларды әлеуметтік қарым-қатынасқа, өзара түсіністікке, қоғаммен байланыс орнатуға үйретуді қамтиды.

Тифлопедагогтың негізгі міндеті — көру қабілеті зақымдалған балалардың оқу мен тәрбиесін ұйымдастыру, олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын дайындау, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуді қолдау.

Тифлопедагогтың рөлі осы тұрғыда өте маңызды. Ол тек көру қабілеті зақымдалған балаларға білім беру мәселелерімен айналысып қана қоймай, олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға және әлеуметтік ортада өзін еркін сезінуге жағдай жасайды. Тифлопедагогика әдістемелері мен құралдары балаларды қоғаммен байланыс орнатуға, оларды әлеуметтік қатынастарға үйретуге, сондай-ақ өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Тифлопедагогика — бұл көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған арнайы педагогикалық ғылым. Оның негізгі мақсаты — көру қабілеті зақымдалған балалардың білім алу мүмкіндіктерін барынша кеңейту, олардың әлеуметтік және психологиялық дамуын қолдау. Тифлопедагогикада қолданылатын әдістер мен тәсілдер балалардың жеке ерекшеліктеріне, олардың мүмкіндіктеріне, сондай-ақ қоғаммен қарым-қатынас жасау қабілеттеріне сәйкес бейімделеді. Мұндай әдістемелер тек білім беру аясында ғана емес, сондай-ақ көру қабілеті зақымдалған балалардың өмір сапасын арттыруға және олардың әлеуметтік ортада бейімделуіне мүмкіндік береді.

Тифлопедагогикадағы әдістемелік құралдар мен тәсілдер арасында тактильді білім беру құралдары, дауыстық құрылғылар, арнайы жазу жүйелері (Брайль қаріпі), сонымен қатар аудио және бейнемазмұндар кеңінен қолданылады. Бұл құралдар көру қабі-

леті зақымдалған балаларға ақпаратты қабылдауда және түсінуде көмек көрсетеді.

Көру қабілеті зақымдалған балалардың әлеуметтік бейімделуі — олардың қоғамда толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді. Бұл бейімделудің негізгі кезеңдері мыналар:

- Сенсорлық даму, көру қабілетінің орнын толтыру үшін басқа сезімдерді (есту, тактильді сезімдер) дамыту.

- Әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары, яғни адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қоғаммен байланыс орнату.

- Өзін-өзі бағалау, баланың өзіндік бағасын қалыптастыру, өзіндік сенімділікке жету.

- Көру қабілеті зақымдалған балаларға тәуелсіз өмір сүру дағдыларын үйрету.

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтік бейімдеу — бұл көпқырлы процесс, оның барысында балалар отбасынан бастап, балабақша, мектеп, ЖОО және еңбек нарығына дейін көптеген қиындықтарға тап болады. Әлеуметтік бейімделуінің сәтті болуы үшін бұл балаларға барлық деңгейдегі қолдау қажет, алайда қазіргі уақытта бірқатар кедергілер мен қиындықтар бар. Бұл қиындықтар педагогикалық және психологиялық тұрғыдан көмектесетін тифлопедагогтардың көмегімен жеңілдетілуі мүмкін.

Көру қабілеті зақымдалған баланың әлеуметтік бейімделуінде отбасының рөлі өте маңызды. Алайда, көру қабілеті зақымдалған бала тәрбиелейтін ата-аналар көбінесе гиперопека (қажетсіз қамқорлық) жасауға бейім. Бұл психологиялық тұрғыдан баланың дамуына теріс әсер етуі мүмкін, себебі:

- Ата-аналар баланың барлық іс-әрекеттерін өз бақылауына алып, оларды үйде шектеп ұстауы мүмкін. Бұл баланың тәуелсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруына кедергі келтіреді.

- Гиперопека баланың өз күшіне сенімділігін жоғалтуына әкеледі.

- Ата-аналар баланың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оны әлеуметтік ортадан оқшаулай алады, бұл баланың қоғамға кірігуін баяулатады.

Тифлопедагогтар осы гиперопека жағдайларын жеңілдету үшін ата-аналармен бірге жұмыс істейді. Олар ата-аналарға баланың әлеуметтенуіне қалай дұрыс қолдау көрсету керектігі туралы кеңестер береді, сондай-ақ баланың тәуелсіздік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған балабақшалар мен арнайы мектептердің саны өте аз, бұл олар үшін білім алу мүмкіндіктерінің шектеулі екенін білдіреді. Арнайы мектептер мен балабақшалар санының аздығы көру қабілеті зақымдалған балалардың қоғамға бейімделуін қиындатады. Бұл балаларға жеке оқыту бағдарламаларын жүзеге асыратын мамандар мен тифлопедагогтар тапшылығын тудырады.

(Жалғасы келесі нөмірде).

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Обзор

**новой литературы рельефно-точечным шрифтом за
II квартал 2025 года**

Уважаемые пользователи!

Фонд Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан пополнился новыми книгами, напечатанными рельефно-точечным шрифтом на казахском и русском языках отделом по выпуску «говорящей» и Брайлевской книги.

Болат Бопайұлы: «Қазақ батасы».

Адам үшін ең жақсы нәрсе – үлкендерден жылы сөз, ақ бата есту, халықтың құрметіне бөлену. Халқымыз риза болған адамның, тұтас әулеттің, дүйім жұрттың тілекшісі болып, құдайдан бақ-береке, ырыздық пен молшылық сұраған. Осынау әдемі дәстүр бүгінде жалғасын тауып, өзектілігі артуда. Бұл кітапта күнделікті өмірдің әр саласында айтылатын баталардан бастап, ауыз әдебиетінің озық үлгілері ретінде сақталған би-шешендердің де баталары жинақталған.

Болат Бопайұлы: «Қазақ дастарханы».

Қазақ үшін берекенің қаймағы – ақ дастархан. Таспен ұрғанды аспен ұратын еліміз дастархан басында маңызды мәселелерді шешеді, әулетімен жиналады, қуанышын тойлайды, қайғысын да бөліседі. Халқымыз қонаққа берілетін асты жөн-жосығымен ұсынған. Бұл кітапта дастарханға қойылатын әр тағамның мән-маңызы, жалпы ас-тұзға қатысты жоралғылар айтылады.

Болат Бопайұлы: «Қазақ дәстүрлері».

Қазақ – қазақ болғалы алмағайып кезеңдерді бастан кешірсе де, салты мен дәстүрін ұмытпаған халық. Ұлтымыздың әр дәстүрінде терең тағылым, мол тәрбие жатыр. Ал кейінгі ұрпақ сол ата-бабамыз салған сара жолмен жүріп, ғасырлар бойы сақталған үлгі-өнегені бойына сіңірсе, ұлтымыздың болашағы айқын, ғұмыры ұзақ болмақ. Бұл кітапта халқымыздың салт-дәстүрлері жинақталған.

Нұршайықов Әзілхан: «Ақиқат пен аңыз». 8 кітап.

Кітап Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеуге арналған. Автор Баукеңнің сонау балауса жастық шағынан бері Совет Армиясының үздік мектебіндегі шыңдалу кезеңін, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап соңғы күндеріне дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында қызғылықты баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өтеді.

Серебрянский Юрий: «Казахстанские сказки – Қазақстандық ертегілер». Книга на казахском и русском языках. В 2 книгах.

«Казахстанские Сказки» Юрия Серебрянского парадоксальным образом соединяют в себе универсальность и конкретность. В них колорит и аромат казахстанской земли - как лучшего места мира. Через подробности и детали, характерные для истории этого края, - сама Вселенная - Универсум - смотрит на нас.

Подготовил Мырзабеков Алмас

РБНСГ - ВЕСТИ



**Ұлттық рухты ұлықтаған шара: Павлодарда
«Ұлы даланың үні домбыра» жыр жинағының
тұсаукесері өтті**

**Домбыра –
халық даналығы**

Кикбанова А.М.



**Күй құдіретін сезінген
Нұрғиса**

**Абай – қазақ руханиятының
шамшырағы**

**Параспорттың даму
деңгейіне арналған
жиын**

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.
Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы
по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,
Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98
тираж 100 экз. Заказ № 1093

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Материалы публикуются в авторской редакции.